

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Алматы облысы, Қонаев қаласы «Ақдидар» бөбекжай-балабақшасы

**Жангазинова Анар Турсынқызы,
Гайруллаева Азиза Мирзакаримқызы**

Ертегілер әлеміне саяхат

АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА



Алматы, 2024ж.

ӘОЖ 373.2

КБЖ 74.1

Ж-81

Сарапшы: Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Л.Т. Сайдахметова

Жангазинова А. Т., Гайруллаева А. М. Ертегілер әлеміне саяхат. (Ересек, даярлық топтарына арналған авторлық бағдарлама). Алматы, 2024. -121б.

Авторлық бағдарламада мектеп алды даярлық және ересек тобындағы балабақша балаларын ертегілер, ертегілер мазмұнындағы гуманистік идеялар мен кейіпкерлер образы, диалог, суреттеулер арқылы адамгершілік құндылықтарға еңбек мәнін ұғындыруға, адалдық, әдептілік сынды қасиеттерге баулуға арналған дидактикалық материалдар қарастырылған. Адами құндылықтар мен қасиеттердің ерекшелігі, отансүйгіштік қасиеттің мәні мен маңызы жан-жақты материалдар арқылы бала түсінігіне икемделіп берілген.

Авторлық бағдарлама балабақша педагогтарына, әдіскерлерге және жас мамандарға арналған.

© Жангазинова А. Т., Гайруллаева А. М.

Түсіндірме жазба

Авторлық бағдарламаның өзектілігі: Ертегі – фольклордың ескі жанрларының бірі. Оның мазмұны шындыққа жанаса бермесе де, астарында үлкен ғибрат, қазына жатыр. Ертегінің негізгі мақсаты – белгілі бір сұлба арқылы бас кейіпкердің болмысын көркемдеп жеткізіп, адамды ғажайыпқа сендіру. Бұл авторлық бағдарлама балаларға арналған қызықты әрі мазмұнды ертегілер топтамасын ұсынамыз. Ертегі – халық прозасының көркем түрі ғана емес, ол – тәрбие құралы. Психологтар баланың тұлға болып қалуыптасу кезеңінде ертегінің алатын орны зор екенін айтады. Себебі ертегі – баланың ең бірінші танысатын көркем әдебиеті. Сонымен бірге күнделікті айтып жүрген ертегілерді түрлендіріп отырған жөн. Қазақ ертегілері баланы мейірімді, адал болуға баулиды әрі қиял әлеміне қанат бітіріп, жақсылыққа сендіреді. Ертегі – тұнып тұрған тәрбие құралы. Заман ағымы өзгерсе де, ұрпақты ертегімен өсірудің берері мол екені анық.

Авторлық бағдарламаның мақсаты: Балалар ертегілері баланың сөздік қорын кеңейтеді, диалогты дұрыс құруға көмектеседі, үйлесімді логикалық сөйлеуді дамытады. Авторлық бағдарламада баланың сөйлеуін эмоционалды, әдемі, бейнелі болуына жаттықтыратын әдістер, сұрақ қою қабілетін қалыптастыру, білім беруде ауызша сөйлеу негіздерін, сөздердің, сөйлемдердің, сөз тіркестерінің құрылысына дұрыс құрауына дағдыландыратын жаңашыл, инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану қарастырылған.

Авторлық бағдарламаның міндеті:

- Ертегі кейіпкерлері арқылы жағымды, жа,ымсыз мінез, әдеттер жайлы түсінік қалыптастыру;
- Ертегі сюжетіндегі сипаттау, суреттеу мәтіндері арқылы балалардың қиялын, тіл байлығын, логикасын, эстетикалық талғамын дамыту;
- Ертегі сюжеттеріндегі диалогтарына рөлдік ойын ұйымдастыру арқылы балалардың актерлік шеберлігін, шығармашылығын, сөйлеу мәдениетін дамыту.

Авторлық бағдарламаның ғылыми -әдістемелік деңгейі: авторлық бағдарламада оқытудың интербелсенді әдістері, рөлдік ойындар, іскерлік ойындар және сахналау, шығармашылық жаттығулар, танымдық ойындар қамтылған.

Күтілетін нәтижелер: авторлық бағдарламаға іріктелген ертегілер, дидактикалық материалдар, ойындар, жаттығулар негізінде балабар сөз тіркестерін, сөйлем құрау дағдыларын қалыптастырады. Тіл байлығы, ауыз екі сөйлеу, логикалық ойлау, сахналау, диалог құру, эстетикалық талғам, салыстыру, сараптау сынды танымдық дағдылар қалыптасады.

**«Ертегілер әлеміне саяхат» тақырыпты ересек, даярлық топтарына
арналған авторлық бағдарламасының
күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

Р/ С	Тақыры- бы	Сағат саны	Мақсаты	Негізгі түсініктер	Білімдерін, ікемділікте рін дағдылары н қалыптаст ыру	Өткен тақы-рып бойынша білімдерін пысықтау
1	Түлкі, тасбақа және кене	1	Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл- күйлерін көтеру	Түлкінің мінезі, тасбақаның әрекеті және мінезі, кененің оң және теріс әрекеті	Мазмұндау даңдысын, тіл байлығын, рөлдік ойын арқылы мәнерлеп айту, образды сөйлеу, мимика, риториканы дамыту.	Рөлдік ойын: «Түлкі, тасбақа және кене». «Оператор, режиссер, сценарист, актер іскерлік ойыны.
2	"Етікші" ертегісі	2	Ертегінің идеясы арқылы еңбекқорлыққа, отбасына деген қамқорлық, мейірімге, ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу,	Етікші, етік, былғары, табан, өкше, дәу, еңбек	Рөлдік, танымдық ойын арқылы сөйлеу мәдениетін, тіл байлығын, логикасын, мазмұндау, сипаттау, мимика, риторикалық дағдыларын дамыту	Етікші және дәу: рөлдік ойын. Қалған балалар театр көрермендер і.

3	«Еріншек егіншімен еңбекқор құмырсқа» ертегі	2	Еріншек, жалқау адам мен еңбекқор, адал адамның ерекшелігін түсіндіру және рөлдік, іскерлік ойын арқылы балалардың тіл байлығын, логикасын, функционалды сауаттылығын дамыту.	Егін, бидай, еңбек, құмырсқа, торғайлар.	Ертегі мазмұнын айтуға, ертегі бойынша рөлдерді сомдауға, мимика, риторика, эмоциямен рөлдерді ойнауға бейімдеу	Рөлдік ойын: «Еріншек егіншімен еңбекқор құмырсқа» Егін алқабына бидайлар жасау, торғайлардың маскасын кидіріп образ жасайды.
4	«Алтын сақа» ертегісі	2	Балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым-қатынас әлемімен таныстыру. Шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс-әрекетін ибағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге сипаттама бере білуге үйрету. Көркем сөйлеу қабілеттерін дамыту.	Сақа, жалмауыз кемпір, қарлығаш, түлкі, айлакер, жанашыр.	Айтылым, мазмұндау, коммуникативті, танымдық дағдыларын дамыту.	«Алтын сақа» ертегісін сахналайды.
5	«Ер төстік» ертегісі	2	Балаларды білім құмарлыққа тәрбиелеу; әдеби жанрларды ажырата білуге үйрету, жұмбақтарды шешуге, сүйікті ертегі мен әңгіме-	Төстік, батыр, Күнекей, шалқұйрық, егеу, көлтаусар, саққұлақ, желаяқ, таусоғар.	Мазмұндау, сипаттау, танымдық, коммуникативті дағдыларын, тіл байлығын,	Төстік жылан Бапы ханға Темір ханның қызын әкеп бермек болып, жолға


			лер тани білуге машықтандыру; есте сақтау қабі-леттерін дамыту.		логикалын ойлауын дамыту.	шыққанда кездескен досатырн сахналау: саккұлак, көлтаусар, таусоғар, желаяқ.
6	«Жеті лақ» ертегісі	2	Ертегі мазмұнын айтуға, сахналауға, кейіпкерлердің сипаттамасын беруге бейімдеу, балалардың тіл байлығын дамыту.	Ешкі, лақтар, қасқыр, ұста, аңшы.	Айтылым, мазмұндау, бейнелеу, рөлді сомдау дағдыларын жетілдіру	Рөлдік ойын: «Жеті лақ» ертегісі
7	«Алтын балық» ертегісі	2	Ертегі мазмұнын айтуға, кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз мінездерін тануға, ерекшеліктерін сипаттауға, кейіпкерлер рөлін сомдауға бейімдеу.	Алтын балық, балықшы шал, кемпір,	Балалар кезеңдер бойынша сұрақтарға жауап береді, өлеңдерін айтады, мозаика құрастырады, мысалдарын сахналайды.	«Сиқырлы қор-жын» әдісі арқылы бекіту Қоржыннан балалар цифр жазылған асық алып, сол сұрақтарға жауап береді
8	«Бауырсақ» ертегісі	2	Ертегі мазмұнын айтуға, кейіпкерлерді сомдауды, қасқыр, түркі, қоян, аю мінездеріне сипаттама беруді үйрету.	Бауырсақ, ата, әже, қасқыр, қоян, аю, түлкі.	Танымдық, коммуникативті, айтылым дағдыларын дамыту.	Рөлдік ойын: «Бауырсақ» Сахналау.
9	«Үйшік» ертегісі	2	Балаларды ертегінің айқын образын көрсете білуге, ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп өз ойларын дұрыс жеткізу арқылы ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын	Тышқан, бақа, қоян, түлкі, қасқыр, аю.	Диалог, сөйлеу мәдениеті, образды суреттеу, эстетикалық талғам.	«Үйшік» ертегісін сахналау.

			арттыру. Ертегіні сахналау арқылы балалардың тіл байлығын, ой қиялын дамыта отырып, рөлге кіре білуге үйрету.			
10	«Күшік пен мысық» ертегісі	2	Ертегі идеясын түсіндіру, мақтаншақ күшіктің әрекетін талқылау, ертегіні сахналау арқылы балалардың тіл байлығын, логикасын, эстетикасын дамыту.	Орман, күшік, қасқыр, мысық, бұзау, түйе.	Айтылым, коммуникативті, танымдық дағды қалыптастыру.	Сахналау: «Күшік пен мысық» ертегісі
11	«Қара батыр» ертегісі	2	Ертегі мазмұнын баяндауға, рөлдерді сомдауға, бейімдеу.	Бала, қаз, тырна, аққу, қарға, сауысқан, қарлығаш.	Диалог, сөйлеу мәдениеті, образды суреттеу, эстетикалық талғам.	Дидактикалық ойын: «Күзгі құбылыстар» Шарты: Жыл мезгілдері іші-нен күзгі құбылыстарды біл-діретін сурет-терді тауып, атайды.
12	«Мұрагер» ертегісі	2	Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп өз ойларын дұрыс жеткізу арқылы ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын арттыру. Ертегіні сахналау арқылы балалардың тіл байлығын, ой қиялын дамыту.	Мұрагер, мирас, аға, іні, бауыр, ағайынды.	Мазмұндау, диалог, сөйлеу мәдениеті, образды суреттеу, эстетикалық талғам.	Сахналау: «Ер төстік» ертегісі

13	«Арыстан мен тышқан» ертегісі	2	Ертегінің мазмұнын түсіндіру, «достық», «жақсылық», «көмектесу» ұғымдарына мысалдар келтіру арқылы функционалды сауаттылықты қалыптастыру.	Жақсылық, арыстан, тышқан, тор.	Мазмұндау, диалог, сөйлеу мәдениеті, образды суреттеу, эстетикалық талғам.	Рөлдік ойын
14	«Керқұла атты Кендебай» ертегісі	2	Ертегі мазмұнын баяндауға, рөлдерді сомдауға, бейімдеу.	Кендебай, Керқұла, Мергенбай батыр, жәдігөй кемпір, самұрық.	Айтылым, коммуникативті, танымдық дағды қалыптастыру.	Рөлдік ойын: «Кендебай»
15	«Жолбарыс пен түлкі» ертегісі	2	Жолбарыс пен түлкіге сипаттама беруді, ертегі мазмұнын айтуды, рөлдерді сомдауды үйрету.	Түлкі, қулық, жолбарыс, аңғалдық, айбатты.	Диалогтарды мазмұндау, аңдарды сипаттау.	«Жолбарыс пен түлкі» Ертегісін сахналау.
16	Еңбек етсең ерінбей...	2	Еңбектің адам өміріндегі маңызы мен мәні туралы мағлұмат беру.	«Еңбектің наны тәтті» мақалының мағынасын түсіндіру.	Түс ажырату, көкөніс, жеміс-жидектің айырмашылығын сипаттау.	«Бақшада» ойыны, себеттерге көкөністі бөлек, жеміс-жидекті бөлек жинайды.
17	Ақыл, ғылым, бақыт	2	Ақыл, ғылым, бақыттың диалогы арқылы оқушылардың танымдық, логикалық қабілеттерін дамыту.	Ақыл, ғылым, бақыт, денсаулық, білім, сана.	Танымдық, коммуникативті, айтылым дағдысы	Мнемотехника арқылы балалардың білімдерін бекіту
18	Бір үзім нан	1	Ертегі мазмұнын айтуға, кейіпкерлерді сомдауды, қасқыр, түркі, қоян, аю мінездеріне сипаттама беруді үйрету.	Бай, кедей, алтын-күміс, нан, арпа-бидай.	Мазмұндау, диалог, сөйлеу мәдениеті, образды суреттеу, эстетикалық талғам.	«Түймедақ» әдісі арқылы сұрақтарға жауап алу

**«Ертегілер әлеміне саяхат» тақырыпты ересек, даярлық топтарына
арналған авторлық бағдарламасының
оқу іс-әрекетінің циклокартасы**

Вариативтік компонент	
Білім бөлімі:	
Тақырыбы:	Түлкі, тасбақа және кене
Мақсаты:	Ертегілер туралы білімдерін күшейту, қызығушылықтарын арттыру. Сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп, өз ойларын дұрыс жеткізу.

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балалардың назарын аудару. Психологиялық сәт: Ерте, ерте, ерте де, Ешкі жүні бөртеде... «Ертегі» деген ханым бопты Балаларды жақсы көріпті, Сиқырлы ертегілері көп бопты, Қане соны тыңдайық, Ақылын тоқып алайық.	Балалар өлең сөзін бірге айтады
Түлкі, тасбақа және кене	-Балалар, мына суретте қандай аң бейнеленген? -Дұрыс, түлкі туралы жұмбақ білесіңдер ме? - «Бауырында төрт таған,Арқасында тостаған» ол қандай жәндік? -дұрыс, кәне орындарыңнан тұрып, тасбақа құм үстінде қалай жүреді көрсетейікші Қимылмен көрсетеді.  - Керемет. - Ал, кене деген қандай жәндік, білесіңдер ме?  -	- Түлкі - Тасбақа - Тасбақаның қимылын көрсетеді. Балалар ертегіні назар аударып, мұқият тыңдайды. Шөптің арасында Ертегінің видеосын көреді

	- Бұл Кене деген жәндік, кене қай жерде жүреді? Кенелер дерматиттер, қотыр ауруларын туғызады. Қан сорғыш кенелер көптеген ауру қоздырушыларын тасымалдайды. - Бүгін сендерге түлкі, тасбақа және кене туралы ертегі айтып беремін. Алдымен бейнефильм көрейік: https: - //yandex.kz/video/preview/51641202798 - 15937042  Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: -Балалар, қандай аңдар дос болыпты? - Тарыны қалай көбейтпек болды? - тары егуде түлкі қандай қулық істеді? Рөлдік ойын: Педагог түлкі, кене, тасбақа рөлін сомдайтын балаларға айтатын сөздерін түсіндіреді, қалған балалар театр көрермендері болады. Педагог: - Тарыны кім егеді? - Тасбақа жерді тырналап, тары егеді. - Ал кене піскен егінді жиып алады. - Тасбақамен кене түлкіні шақырды ма? - Түлкі келіп, егінді көріп не деді?	Ертегіні видеодан тыңдайды Рөлдік ойын: -түлкі, тасбақа және кене дос болыпты - тарыны жерге егіп, одан мол өнім алмақшы болды - Түлкі бір жарды көріп: – Мен осы жарды сүйеп тұрайын, құлап кетер - деп, жарды саялап жатып алады. Тасбақа: -Тасбақа жерді тырналап, тары егеді. (қимылмен көрсетеді), Кене: Ал кене піскен егінді жиып алады. (іс-қимылмен көрсетеді). Олар көп тары алады. Олар түлкіні шақырады. Түлкі: – Тарыны үшеуіміз бөліссек қаншадан тиеді? Аз мөлшерде шығатын шығар. Одан да үшеуіміз жарысып, кім озса егін соған бұйырсын, - деді. Сонда кене: – Әй, мені басып өлтіресің бе? - деді. Түлкі: – Сен қашан жетіп алғансың? - деп сұрайды.
--	--	--

	Педагог: Мақұл деп үшеуі қатарласып, бір жерге келеді. "1, 2, 3" деп түлкі жүгіре бергенде, кене түлкінің аяғына жабысып кетеді. Түлкі барынша жүгіріп, мәреге бірінші боп жетеді. Педагог: Сөйтіп, тарыны тасбақа мен кене екеуі бөліп алыпты. - Бабалар сендерге қойылым ұнады ма, ондай болса қол шапалақтап, қошамет көрсетейік.	Кене: – Сен бағана "1, 2, 3" дегенде-ақ мен келіп қалғанмын, - деп жауап береді. Екеуі дауласып жатқанда, ентігіп тасбақа келеді. Тасбақа: – Әй түлкі, мен бір пәле көріп келдім. Жаңа маған екі қара бүркіті және тазы иттері бар ат мінген екі адам келді. "Түлкі жолдасыңды тауып бер!" - деп мені қорқытты. Түлкі, мен сен туралы айтқан жоқпын. Енді олар маған сенбей, осы жаққа қарай келе жатыр, - дейді. Түлкі: "Мені айта көрмеңдер!",- деп жалынады. Түлкі: – Мына тарыны екеуің тең бөліп алыңдар, мен сендерге ризамын. Аңшылар мені сұраса, "білмейміз, қайда кеткенін деңдер", - деп қашып кетеді.
Рефлексивті түзетушілік	«Бес саусақ» әдісі бойынша балалардың алған білімдерін бекіту. - Балалар, ертегі ұнады ма? - Не туралы ертегі? - Басты кейіпкері кім деп ойлайсыздар? - Түлкі қандай қулық жасады? - Кене қалай түлкіден айналып асырды? - Тасбақа қалай түлкіні алдап соқты? - Достық деген не? - Өтірік алдауға бола ма?	 Бес саусақ» әдісі бойынша балалар алған білімдерін Бекітеді 

№2 Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклокартасы

Вариативті компонент-	
Тақырыбы:	«Етікіші» ертегісі
Мақсаты:	Табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғау, мейірімділікке тәрбиелеу, ауызекі сөйлесуге үйрету. Оқушылардың сөздік қорын молайту, сөйлеу мәдениетін дамыту, өз пікірлерін айтуға дағдыландыру.

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Психологиялық дайындық Біз қандаймыз, қандаймыз Шұғылалы таңдаймыз Жарқыраған күндейміз Ренжісуді білмейміз! Сергіту сәті Қарлығашқа ұқсайық Қане қанат жазайық Қарлығаш боп ұшайық Ұшып, ұшып алайық.	Балалар шеңберге тұрып бір-біріне күлімдеп қарайды, сергіту жаттығуын орындайды.
Ұйымдастыру іздестіру	 Балалар, қане өте қызық Ертегіні тамашалайық: https://yandex.kz/video/preview/-597648912818163459 Ертегі мазмұнын ашуға байланысты сұрақтар: - Ал, балалар ертегі ұнады ма? - Ертегі кім жайлы? - Етікші не істейді? - Етікші Дәудің үйіне қалай тап болады? Ендеше Етікші мен Дәудің рөлін кім сомдағысы келеді? Рөлдік ойын: Педагог оқиды: Ерте заманда бір кедей етікші болыпты. Балашағасы көп екен. Үй-ішін асырау үшін ол ел аралап, қобдиын құшақтап жүріп, етік тігіпті. Күндердің күнінде қобдиын қолтықтап, таныс емес	Балалар аудио ертегіні назар аударып, мұқият тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Рөлдік ойын: Тапсырманы орындайды. Рөлдік ойын:

бір ауылға аттанады. Бұрын жүрмеген жолы болған соң, етікші адасып кетеді. Түн болады. Ақырында етікші далада жалғыз тұрған иесіз үйге кездеседі. Иесіз қыстаудың ішіне кірген етікші пештің үстіне шығып, қобдиын басына төсеп жата кетеді. Бір уақытта салдыр-гүлдір еткен бір нәрсенің дауысы шығады. Етікші есікке қараса мандайында жарқыраған жалғыз көзі бар, бір еңгезердей дәу кіріп келе жатыр екен.



Педагог: Амалы таусылған етікші таң атқанша отырып ғажайып етік тігеді. Етіктің сыртқы көрінісінің басқа етіктерден айырмашылығы бар, ұшы тіп-тік сүйір, жоғары көтеріліп тұрады. Ал оның бір керемет қасиеті аяғына киген адам аспанға қалықтап ұшып, баратын жеріне лезде жетіп барады.

Педагог: Етікші сыртта тұрып әрі ойлап, бері ойлап, иесіз үйдің төбесіне шығып түнейді. Таң атқан соң, дәудің үйін аралап, қарап шығады. Үйдің бір қараңғы жерінде темір сандық тұр екен. Етікші темір сандықты әзер дегенде ашады. Оның іші толған алтын-күміс екен. Бұдан кейін етікші алтын мен күмісті керегінше алып, ғажайып етігін киіп, үйіне ұшып келеді. Дәуден алған байлығының жартысын еліндегі жетім-жесірлерге таратып береді. Осылайша етікші тұратын ауылдың тұрмысы жақсарып, мұраттарына жетеді. Ал қартайған кезінде етікшіні балалары асырапты.

Дәу: – Пеш үстінде жатқан қандай адам? - деп сұрайды дәу.

Етікші: – Бұл - етікші, - деп жауап береді.

– Бізге керек шебер етікшімісің? - дейді.

Сонан соң дәу бұйырып:

– Кәне, бері кел, шебер, мына үйге кір! Егер ертеңге дейін бір керемет етік тіксең, жаның аман қалады. Ал орындамасаң, басыңды аламын, - дейді де етікшіні ішке кіргізеді. Дәудің өзі есіктің алдына жатып ұйқыға кіріседі.

Етікші ішінен:

– Енді өмірім жойылды, өліп кетсем, бала-шағамды кім асырар екен? - деп үрейленеді.

Етікші: Бірақ ол дәудің оны оңай үйіне жібере қоймасын біліп:

– Бәрібір дәудің қолынан өлемін. Одан гөрі бұл дәуді өзім өлтірейін, - деп, өткір пышағын алады. Дәу ұйқыға кетті-ау деген кезде, етікші етігін киіп, сыртқа шығады. Қалықтап ұшқан күйі қолындағы пышағымен дәудің жалғыз көзін түйреп алады.

Дәу бақырып:

– Ер болсаң, екі соқ, - дейді.

Етікші: – Бір де жетер, - деп, дәудің үстінен ұшып өтеді. Ал, дәу жарақаттан табанда өлген екен дейді.

	Педагог: Ертегіде қай кейіпкер ұнамады, неге? Ертегідегі қай кейіпкер сендерге ұнады, неге? Шығармашылық тапсырма Етікші ата Көрдің, әлде көрмедің, Етікші атам бар менің. Қартын деп ол айтпайды, Қол қусырып жатпайды. Қайырмасы: Тук-тук, тук-тук! Қол қусырып жатпайды. Суық күзде, көктемде, Қара жаңбыр төккенде Кетпесін деп сыз өтіп, Тігеді ол бізге етік. Қайырмасы: Тук-тук, тук-тук! Тігеді ол бізге етік.  Педагог өлеңді оқиды, балалар қайталайды	Шапалақтап, етікші мен дәу рөлін сомдаған балаларға қошамет көрсетеді. «Етікші ата» өлеңін қайталайды. Көрдің, әлде көрмедің, Етікші атам бар менің. Қартын деп ол айтпайды, Қол қусырып жатпайды. Тук-тук, тук-тук, Қол қусырып жатпайды. Құрып алып малдасын, Жалпақ басты балғасын, Пышағы мен бізін ап, Отырғаны қызық-ақ. Тук-тук, тук-тук, Отырғаны қызық-ақ. Қоңыр күзде, көктемде, Қара жаңбыр төккенде Кетпесін деп сыз өтіп, Тігеді ол бізге етік. Тук-тук, тук-тук, Тігеді ол бізге етік. Өлеңді қимылмен көрсетеді
Рефлексивті түзетушілік	«Бес саусақ» әдісі бойынша балалардың алған білімдерін бекіту. <i>Бас бармақ-Мен бүгін не алдым?</i> <i>Балан үйрек-Маған не ұнады?</i> <i>Ортан терек-Мен кімге көмектестім?</i> <i>Шылдыр шүмек-Маған не қиын болды?</i> <i>Кішкене бәбек-Менің көңіл-күйім ...</i> Балаларды мақтау.	 Бес саусақ» әдісі бойынша балалар алған білімдерін бекітеді

№3 Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклокартасы

Вариативті компонент	
Тақырыбы:	«Құмырсқа» ертегі
Мақсаты:	Еңбек сүйгіштікке, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру және еңбекті бағалай білуге тәрбиелеу.

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	«Нан адал ас» Нан ардақты адал ас, Кәрі жас одан аттамас. Нандай жоққой асыл дән, Жеп үйренген жасыңнан. Дастарқаннан нан кетсе, Береке кетер асыңнан. Трәләләм, трәләләм, Майға піскен қара нан. Қарыным ашты дедімбе.	Балалар қолдарын ұстап бір-бірімен жылы жүзбен амандасып шеңбер бойында тұрады.
Ұйымдастыру іздестіру	https://yandex.kz/video/preview/5574419889743991809 -Балалар, бүгін керемет ертегі тамашалаймыз:  Ертегі мазмұнын ашуға байланысты сұрақтар: - Ал, балалар ертегі ұнады ма? - Ертегі кім жайлы? - Құмырсқа не тауып алады? - Құмырсқа кімнен көмек сұрады? - Ара не деп жауап береді?	Балалар ертегіні назар аударып, мұқият тыңдайды. - Құмырсқа - Дән - Арадан - Көрмей тұрсың ба, мен де жұмыс істеп жатырмын ғой, – дейді. - Қоңыздан - Сен үшін өз еңбегімді еш қыла алмаймын, – депті.

- Содан кейін кімнен көмек сұрайды?
- Қоңыз не деп жауап береді?
- Жолда кімдерді кездестіреді?
- Илеулестері не деді?

Рөлдік ойын:

Педагог: Бір құмырсқа өз илеуінде тобынан бөлініп, сол маңдағы ара, қоңыз секілді жән Жем іздеп шыққан құмырсқа жол үстінен бір дән тауып алыпты. Жалғыз өзі әрі-бері әуреленіп, дәнді орнынан қозғалта алмапты. Сонан соң көмек сұрау үшін әлгі қанатты достарын іздейді. діктермен дос болыпты. Бір уақытта гүлден-гүлге қонып, шырын жинап жүрген араға жолығады

Педагог: Ол енді қоңызды тауып алады. Ол мән-жайды айтып, көмек сұрапты.

Сен үшін өз еңбегімді еш қыла алмаймын, – деп, қоңыз ызыңдап ұшып кете барады. Достарынан күдер үзген құмырсқа мұнайып қайтып келе жатады. Жолда өзінің илеулестерімен ұшырасып қалады.

Олар мұның түрін көріп:

– Не істеп жүрсің? – деп, жөнін сұрайды.

Педагог: Жалғыз құмырсқа өзінің басынан кешкенін айтып береді:

Педагог: – Жалғыздық деген сол, – деп, илеулестері жұбатады да құмырсқаның дәнін көтерісіп, әрі алып кетеді. Құмырсқа үйіріне қайта қосылады.

Педагог: «Жаңа достың қадірі ескі досқа жетпейді» деген екен сонда бір кәрі құмырсқа.

-Балалар, дос жайлы тақпақ білесіңдер ме?

1. «Не қайда өседі?» ойыны

Шарты: Балалар көкөністерді қара топыраққа, ал жемістерді ағашқа орналастырады. Ал балалар күріш, бидай, тары туралы кім мақал мәтел біледі.

Рөлдік ойын:

Құмырсқа:

Досым, бір дән тауып алып едім, жалғыз өзім көтере алмағаным. Маған көмектесіп жіберші, – деп өтінеді.

Ара:

Көрмей тұрсың ба, мен де жұмыс істеп жатырмын ғой, – деп, ара көнбей қойыпты

Құмырсқа:

Солайы солай ғой, мейлі деп, құмырсқа әрі жүріп кетіпті.

ОҚұмырсқа:

-Досым, бір дән тауып алып едім, жалғыз өзім көтере алмағаным. Маған көмектесіп жіберші.

Қоңыз:

Сен үшін өз еңбегімді еш қыла алмаймын, – деп, қоңыз ызыңдап ұшып кете барады.

Илеулестері: 2-3 бала:

– Не істеп жүрсің?

– Жалғыздық деген сол.

Құмырсқаның дәнін көтерісіп, әрі алып кетеді (Қимылмен көрсетеді).



	Дәнді дақылдарға байланысты кім жұмбақ біледі? Жарайсыңдар балалар жақсы жауап бердіңдер. Бидай - пшеница, қауыз - шелуха, егін урожай, балалар тәрбиешімен бірге қайталап айтады. « Не жоқ?» ойыны. - Тәрбиеші тақтаға дәнді дақылдар суретін іледі. Балалар көзін жұмған кезде бір суретті алып тастайды. Суретпен жұмыс, дәнді дақылдардың суретін қорша.	
Рефлексивті түзетушілік	Қорытындылау: - Жаңа дос деген қандай дос? - Ескі дос деген қандай дос? Құмырсқа қандай дос жақсы дейді? дәнді дақылдарды білдік, сол дәнді дақылдарды атап айтыңдаршы?	

№4 Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклокартасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	
Тақырыбы:	Алтын сақа
Мақсаты:	Балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым-қатынас әлемімен таныстыру. Шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс-әрекетін ибағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге сипаттама бере білуге үйрету. Көркем сөйлеу қабілеттерін дамыту.

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Балалар шеңбер бойымен тұрып, «Кел, балалар, күлейік» өлеңін ұнтаспаға қосылып, тәрбиешімен бірге орындайды. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабак түйген не керек, Көңілді болып жүрейік.	Балалар шеңбер бойына тұрып, өлеңді мұқият тыңдай отырып, қимылдар арқылы орындайды
Ұйымдастыру іздестіру	Орнымызға отырамыз. Балалар, қазір ертегі тамашалаймыз:	

Бейнефильм қосады:

<https://yandex.kz/video/preview/15648570750078226291>

«Алтын сақа» ертегісін қосады:



Ертегі мазмұнын ашуға байланысты сұрақтар:

- Балалар, ертегі кім туралы?
- Бай жалмауыз кемпірге қалай тап болды?
- Кемпірге не беруге келісті?
- Ондай болса, рөлдік ойын ойнауға дайынсыңдар ма?

Педагог рөлдерді бөліп береді:

Педагог сөзі: Баяғыда бір бай болыпты, оның зарығып тапқан жалғыз ұлы болыпты. Бір күні бай жылқыларын суға айдап келсе, су бетінде өкпе жүзіп жүреді. Жылқылары үркіп суға жоламайды, сосын бай өкпені құрықпен түртіп жібереді. Өкпе батып кетеді де, жалмауыз кемпір шығады. Байдың жағасынан алады.



Педагог: Көшіп барғаннан кейін баласы әкесінен сақасын сұрайды. Бала сақаға жетіп барса, қасында кемпір отырады.

Балалар ертегіні назар аударып, мұқият көреді

Жалмауыз кемпір: байдың жағасынан алады.

Бай: мені босатшы ат басындай алтын берейін – дейді. Жылқымды түгел берейін – дейді. Кемпір көнбейді. Енді не берейін?

Кемпір:

- жалғыз балаңды бер, жіберейін, - дейді. - Балаңды қай жерде бересін? – дейді.

Бай: -Ертен көшемін баламның сақасын жұртқа тастап кетем, сен сақаның қасында отырып ұстап ал – дейді.

Бала: әке, менің сақамды көрдің бе?

	Кемпір қуа жөнеледі. Жете алмайтын болғасын, кемпір бір тісін лақтырғанда тайдын бір аяғы жұлынып түседі. Тай үш аяғымен қашып жеткізбейді. Тағы бір тісін лақтырады, тағы бір аяғы жұлынады. Екі аяқтап бара жатып, жолында бір бәйтерекке кез болады. Бала бәйтеректің басына шығып алады. Кемпір теректің түбін кешке дейін қазады. Педагог: Кемпір түлкінің сөзіне сеніп кетпенді береді. Түлкі тісті суға лақтырып жөніне кетеді. Тағы мені алдаған екен ғой – деп. Аузындағы соңғы тісін алып қаза Түлкі тісті суға лақтырып, жөніне кетеді. Кемпір тұрса түлкі жоқ, тағы бір тісін кетпен қылып қаза бастайды. . Сол кезде баланың төбесінен бір топ қарғалар өтеді. Педагог: Сонда. Бір топ үйректер өтеді, оларға да айтады. Бір кезде бір қарлығаш баланың төбесіне келіп қонады. Бала жылап тұрып бұған тапсырады. Қарлығаш баланың досы екен. Баланың төбеттеріне тапсырғанын айтады. Төбеттері шауып теректің жанына келгенде терек құлайды. Баланы төбеттері жалмауыз кемпірден құтқарады. Бала төбеттеріне мініп, ауылына аман – есен жетеді. Ата – анасы қуанып той жасайды. Балалар, ертегі ұнады ма, рөлдерді ойнаған достарыңа шапалақ соғып қойыңдар! «Алтын сақа» ойыны. Педагог кішкентай қоржыннан асықтар шығарады. «Қанталапай» деп үстелге асық шашады, асық алған бала асықтың номері бойынша сұраққа жауап береді. -Балалар, сендерге ертегі ұнады ма? -Ертегіде не жайлы айтылған? -Жалмауыз кемпірдің жасаған қылығы қандай? -Түлкілер қалай алдайды? -Қарлығаштың көмегін қалай бағалайсыңдар?	БАЙ: Көшкенде қалып қойған, өзің барып алып кел – дейді Бала: -Шеше, анау жатқан сақамды алып берші! Кемпір: Өзің түсіп ал. Отырсам тұра алмаймын, тұрсам отыра алмаймын – дейді Бала: -Мен түссем міне алмаймын жаспын ғой – дейді Сонда баланың тайы сақаның жанына жата қалады, ол сақаны іліп алады Түлкі: келіп шаршаған боларсыз, мен қазайын, сен демал – дейді. Кемпір жатады. Түлкі тісті суға лақтырып, жөніне кетеді. Түлкі : Тағы бір түлкі келеді. -Шаршаған боларсың мен қазайын, - дейді. Кемпір: Сен кетпенімді алып кетерсін – дейді. Түлкі: жоқ, ол қырдың қу түлкісі, мен сайдың түлкісімін – дейді. Бала: Ау, қарғалар, қарғалар қанатымен жорғалар мені құтқарсын бес төбетіме хабар айтыңдар – дейді. Қарғалар: қарқ – қарқ етіп қарғалар ұшып өтеді,  Асықтарды алып, сұрақтарға жауап береді.
--	---	---

		
Рефлексивті түзетушілік	Қорытындылау. Бүгінгі сабақтан үйренген жақсы қасиеттерін еске түсіріп, айтып береді.	Рефлексия: Не білдім? Не үйрендім? Не ұғымды емес? 

№5 Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклокартасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	
Тақырыбы:	Ер төстік
Мақсаты:	Ертегі балаларды елін сүйгіштікке, ой өрісін дамытады және тапқырлыққа үйретеді.

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Амандасу, түгелдеу, зейіндерін сабаққа аудару. Топқа бөлу	Балалар бірге қол ұстасып, амандасады
Ұйымдастыру іздестіру	Балаларға гипер сілтеме арқылы ертегіні тыңдатады: https://youtu.be/O60n1qtKpQ8  Қызығушылығын ояту. Тыңдалым материалы бойынша берілген «Ер Төстік» ертегісінен берілген үзіндіні тыңдап, ойтүрткі сұрақтарына жауап береді. - Балалар, Төстік жер астына түскенде қандай достар кездеседі? - Дұрыс, саққұлақ, желаяқ, көлтаусар, таусоғар. Рөлдік ойын.	Ертегіні тыңдайды.

Педагог сөзі: Төстік жылан Бапы ханға Темір ханның қызын әкеп бермек болып, жолға шығады. Темір ханның елі жеті айлық жол екен. Төстік елсізбен келе жатса, алдында бір адам көрінеді.

Педагог: киіктерді матап жүрген адам екен, екі аяғына байлап алған қазандай екі қара тасы бар.



Педагог: Бұлар келе жатса, бірталай күннен кейін елсізде тағы бір адам көрінеді. «Не қылған адам екен?» – деп байқаса, әлгі кісі жерге біресе оң құлағын төсейді, біресе сол құлағын төсейді, жер астынан бір нәрсе тыңдаған сияқты болады.



Педагог: Бұлар елсіз түзде келе жатса, алыста бір тау көрінеді, ол таудың үстіне тағы бір тау шыққандай болады. Жақындап келіп қараса, бір адам тауды олай да көтеріп қояды, бұлай да көтеріп қояды. Бір тауды көтеріп, бір таудың үстіне қояды.

Төстік: «О, не қып жүрген жансың?»

Желаяқ: мына тастарыммен жүріп, қашқан киіктерден ағып өтіп кетпей, дәл жетіп ұстаймын. Желаяқ деген жүйрікпін», – дейді. «Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түсті дегенге, соған жолдас болайын деп, жолын тосып жүрген адам едім»

Төстік:

«Жарайды, ендеше, осы іздеген Төстігің мен боламын», – дейді

Төстік: О, не қып жүрген адамсың?

Саққұлақ: Жердің үстіндегі Ер Төстік жердің астына түсті дегенге, соның жолдасы болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын, – дейді.

Төстік: Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді?

Саққұлақ:

Жер астының атақты тыңшысымын, қандай жасырын әңгіме болса да тыңдап біліп аламын, менен жасырын сыр болмайды. Алыстағыны, жақындағыны түгел есітетін Саққұлақ деген ер мен боламын.

Төстік: Жарайды, ендеше, іздеген Төстігің мен боламын.

Төстік: О, не қып жүрген адамсың?

Таусоғар: Жердің үстіндегі Ер Төстік жердің астына түсті дегенге, соның жолдасы болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын


	Педагог: Бұлар жапан далада жүріп келе жатса, бір үлкен көл көрінеді. Көлдің суы айтқанша суалып, жоқ болып кетеді де айтқанша шарасынан асып, ернеуі толып кетеді. Ер Төстік жолдастарымен мұның мәнісіне түсіне алмайды. «Бұл су қайдан келіп, қайда кетіп жатыр?», – деп айнала іздейді. Сөйтсе, қамыстың арасында біреу отыр, көлдің суын ұрттап қалса жоқ болады, аузынан төгіп жіберсе, шарасынан асып су қайта толып кетеді.  Педагог: Таусоғар жолдағы тауларды орнынан алып, көшіріп қоя салады. Көлтаусар көлдерді ұрттап суалта салады. Ер Төстік жолдастарымен көзді ашып-жұмғанша Темір ханның аулына жетіп келеді. - Балалар, достарыңның қойылымы ұнады ма? - Ұнаса, шапалақ соғып, қошамет көрсетейік!!!	Төстік: Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? Таусоғар: Жұрттан асқан алыппын, жердің үстінде де, астында да маған шақ келетін адам жоқ, қайратым ішіме сыймаған соң, тауларды көтеріп, ермек қыламын, Таусоғар деген ермін. Төстік: Жарайды, ендеше, іздеген Төстігің мен боламын. Төстік: О, не қып жүрген адамсың? Көлтаусар: Жердің үстіндегі Төстік жер астына түсті деген соң, жолдас болып ерейін деп, жолын тосып жүрген адаммын. Төстік: Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? Көлтаусар: Жер-жаһанда бар нәрсенің мешкейімін. Маған бұл жалғанда тойым жоқ. Бір көлдің суы қарныма түк болмайды, қанша үлкен дария болса да бір-ақ ұрттаймын. Көлтаусар деген ер боламын. 
Рефлексивті түзетушілік	Қорытындылау. Бүгінгі сабақтан үйренген жақсы қасиеттерін еске түсіріп, айтып береді.	Балалар өздерін бағалайды 

№6 Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклокартасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	
Тақырыбы:	«Жеті лақ» ертегісі
Мақсаты:	Адамгершілікке, көмектесе білуге, сүйіспеншілікке, еліне жеріне деген махаббаты бойларына қалыптастыра отырып, тәрбиелеу.

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбер Армысың асыл күн, Армысың асыл жар, Амысың көк аспан, Армысың достарым, Жылуыңа жылу қос, Міне менің қолым!	Балалар қол ұстасып бірге айтады. Күлімдеп алақандары- ның жылулықтарын сезінеді.
Ұйымдастыру ізвестіру	Кіріспе . Мәнерлеп оқып беру. Жаңа сабақты түсіндіру. Үй жануарлары туралы түсіндіру. Ерте , ерте ерте екен , Ешкі жүні бөрте екен. Қырғауылы қызыл екен, Құйрық жүні ұзын екен. Ерте заманда бір ешкі болыпты. Ешкінің жеті лағы бар екен. Олар ормандағы үйшікте өмір сүріпті.Ешкіорманға кеткенде, лақтары үйде қалады. Ешкі лақтарына : -Үйде отырыңдар, лақтарым. Есікті ешкімге ашпаңдар. Әйтпесе қасқыр келіп , бәріңді жеп қояды- дейді. Ешкі үйге келгенде, есікті мүйізімен қағып, былай деп әндетеді. - Лақтарым , шырақтарым , Есікті аш, шұнақтарым ! Анаң өрістен келді Көк шөп , көп сүт әкелді, Есікті аш , қарақтарым ! -Лақтары есікті ашады . Бір күні қасқыр естіп тұрады да есікті қағып, дөрекі дауыспен әндетеді: - Лақтар, шырақтар Есікті ашыңдар Анаң келді Сүт әкелді. - Ал , лақтар – Жоқ , біз ашпаймыз . Сен анамыз емессің, қасқырсың.Анам жақсы айтады әнді, сенің дауысың жаман ,- деп ашпайды.Ешкі келгенде, лақтары қасқыр келгенін, есік ашпағанын айтады. -Сендер жақсы баласыңдар, анаңды тыңдайсыңдар –анасы мақтайды. Келесі күні қасқыр жіңішке дауыспен әндеткенде, анамыз екен деп лақтар есікті ашып қояды. Қасқыр 6 /алты/ лақты жұтып қояды. Кішкентай лақ пештің ішіне тығылып қалады.ешкі келсе, есік ашық тұр. Ешкі : - Лақтарым, шырақтарым,	Ертегіні тыңдайды.

- Қайда кеттің, шұнақтарым !
 - Анаң өрістен келді
 - Көк шөп , көп сүт әкелді,
 - Қайдасыңдар , қарақтарым деп жылайды.
 Кішкентай лақ мә – мә – мә деп пештен шығып, әкпелері мен ағаларын қасқыр жұтып қойғанын айтады. Ешкі қасқырды қуып жетіп , мүйізімен ішін жарып жібереді лақтары аман – сау шыға келеді. Содан кейін терезеден қарап, анасын көрмей есік ашпайтын болыпты.



Суретте боя ойыны.




Ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ шешу.

1. Өзі үлкен жануар
 Үстінде екі тауы бар /Түйе/
2. Екі айнасы бар, екі найзасы бар
 Төрт сылдырмағы бар
 Бір шыбыртқысы бар / Сиыр /
3. Кішкене ғана бойы бар,
 Айналдырып киген тоны бар / Қой/
4. Басында таяғы бар,
 Төрт аяғы бар,
 Сегіз тұяғы бар,
 Иегінде сақалы бар / Ешкі /

**Рефлексивті
 түзетушілік**


Қорытындылау.
 Бүгінгі сабақтан үйренген жақсы қасиеттерін еске түсіріп, айтып береді.



№7 Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклокартасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	
Тақырыбы:	Алтын балық
Мақсаты:	Балаларды адамгершілікке, ізгілікке баулу

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Бір – бірімізге жылылық, бүгінгі сабағымызға сәттілік тілейік. Күлім қағып қолымды , 1,2,3 деп соғайын. Күліп қарап көршіме , Қолымды мен бұлғайын. Жылы –жылы жүзбенен , Маңдайынан сипайын, Ыстық алақаныммен , Қолыңды бер, қысайын	Бір-біріне сәттілік тілейді
Ұйымдастыру іздестіру	Балаларға «Алтын балық» ертегісін гипер сілтеме арқылы көрсетіледі: https://youtu.be/koRV1KkKpFc  Ғажайып сәт. Топқа теңіз патшасы кіреді.	Ертегіні тыңдайды. Тапсырманы орындайды.

	-Сәлеметсіңдерме, балалар? Мен теңіз патшасымын. Сендер менің байлығым туралы білесіңдер ме? Сендер алтын балықты көргілерің келіп тұрған шығар? Қанекей, сиқыр жасап көрейікші! Алтын балық келеді. -Балалар,балық сусыз өмір сүре алмайды.Алтын балығымызды теңіз патшасымен бірге теңізге жіберейік. Ал,балалар теңіз патшасымен қоштасайық. -Сау болыңыз! Балаларға бірнеше бөліктерден тұратын геометриялық пішіндер арқылы алтын балықты құрастыру. Жұмбақты шеш ойыны. Суда өседі,өнеді, Сыртқа шықса өледі.Бұл не? Балық <table><tr><td>Шыққанда</td><td>шығыны</td><td>жоқ,</td></tr><tr><td>Жауса</td><td>жауын</td><td>бүйірі</td><td>тоқ,</td></tr><tr><td>Қыста</td><td>жылтыр</td><td>қақ</td><td>болар,</td></tr><tr><td>Түртінектеп</td><td>тынымы</td><td>жоқ.</td><td></td></tr></table> Өзен Суретті боя. 	Шыққанда	шығыны	жоқ,	Жауса	жауын	бүйірі	тоқ,	Қыста	жылтыр	қақ	болар,	Түртінектеп	тынымы	жоқ.		Жұмбақты шешеді. Суретті бояйды
Шыққанда	шығыны	жоқ,															
Жауса	жауын	бүйірі	тоқ,														
Қыста	жылтыр	қақ	болар,														
Түртінектеп	тынымы	жоқ.															

Рефлексивті түзетушілік	Қорытындылау -Балалар,бүгін біз не білдік? Не үйрендік? -Қандай балықтың суретін бейнеледік? -Үнемі балықтарға қамқорлық жасап жүруіміз керек. Балаларды мақтап, мадақтау.	Балалардың іс-әрекеті

№8 Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	
Тақырыбы:	Бауырсақ
Мақсаты:	Балаларға ертегілер туралы түсінік беру. Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Балаларға жағымды, жағымсыз қасиеттерді айра білуді үйрету.

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар, бүгін ерекше күн, бізге бүгін қонақтар келіп отыр. Олай болса қонақтармен сәлемдесейік. Күннің көзі ашылып, Көкке шуақ шашылсын. Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Амандасу үлкенге Тәрбиенің басы ғой! Ал, қанекей, бәріміз «Сәлем» дейік үлкенге.	Балалар бірге айтады

Ұйымдастыру іздігіру	Балаларға ертегіні оқып беру және қандай ертегіні тамашалайтындарынды білу үшін сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. 1. Өзі қу, жүрген жері айқай – шу. (түлкі) 2. Далада жүр шапқылап, керемет тым саққұлақ, Тек есектен басқа да, оған ұқсар жоқ құлақ. (қоян) 3. Ит сияқты пішіні, ұнатпайды ол кісіні. (қасқыр) 4. Қыс бойына жатады, тәтті ұйқыға батады. (аю) 5. Өзі қып-қызыл болып піседі Күнге ұқсас келеді. (бауырсақ)  «Бауырсақ» ертегісі арқылы. Қоян: -қой, бауырсақ сенің өлеңің жақсы сен одан да менің тапсырмамды орында. Ал, балалар қояннан бауырсақты құтқарып сұрағына жауап берейік. Қоянның тапсырмасы: 1) Ертегіден жағымсыз кейіпкерлерді атаңдар. Алдынан қасқыр шығады. Қасқыр: -жок, бауырсақ, өлеңің керек жоқ сен менің тапсырмамды орында.	Ойын ойнайды және есте сақтау қабілеті дамытады. Доппен ойын ойнайды
--	---	--

	Қасқырдың тапсырмасы: Ал балалар қояннан бауырсақты құтқарып алдық ,енді қасқырдың сұрағына жауап берейік. 1. Берілген сөздерді буынға бөл: қасқыр, қоян, түлкі Бауырсақ орман ішімен домалап келе жатса оған аю қарсы шығады. Аю: Әй, балалар, балалар! Менде қызық ойын бар, Ал ықылас қойындар Кәне, тәртіп сақтайық, Мен берген тапсырманы, Бұлжытпай орындайық. Аюдың тапсырмасы: Берілген сөздерде неше дауысты дыбыстар бар: аю, бауырсақ, кемпір, ата. Осылай бауырсақ әрі қарай домалай жөнеледі. Нан туралы мақал-мәтел жаттату. Нан астығын жинаймын, Елге астық сыйлаймын. Нан— тамақтың атасы, Ынтымақ — көптің батасы. Нан бар жерде ән бар. Дастарқанда нан жоқ — Тамақта мән жоқ. Суретті боя.	Мақал жаттайды Суретті бояйды
--	---	---

		
Рефлексивті түзетушілік	Қорытындылау. «Ой қорыту» әдісі арқылы оқушылардың сабақ барысында алған білімдерін пайдаланып, өз ойын ашық айтып, қорытындылау.	

№9 Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклокартасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	
Тақырыбы:	Үйшік ертегісі
Мақсаты:	ертегі мазмұнын меңгерту, ертегіні оқу арқылы ертегі мәнін білуге, баланы оқыта отырып тәрбиелеу

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері: Аспан шайдай ашылды, Жерге сәуле шашылды. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды гүліміз. Балалар, сендер ертегіні жақсы көресіңдер ме? Қандай ертегі білесіңдер? Олай болса біз бүгін «Үйшік» ертегісімен танысамыз.	Шаттық шеңберін құрып бірге қайталайды Ия, жақсы көреміз. Шалқан, аю мен түлкі, күшік пен мысық

Ұйымдастыру іздігі	Күн күледі жадырайды, Құстар келіп сайрайды. Кел, балалар келіндер, Ертегіге еніңдер. Ерте, ерте, ертеде орманда бір үйшік болған екен. Орманда келе жатқан тықырлауық тышқан, сүп – сүйкімді, кіп – кішкентай әдемі үйде кім тұрады? Үйшікте ешкім тұрмаған соң тышқан үйшікке кіріп тұрады. Енді үйшік қасына ытқып – ытқып қоян келеді. Қоян келеді. -Сүп – сүйкімді, кіп – кішкентай әдемі үйде кім тұрады? -Мен тықырлауық тышқанмын, кел бірге тұрайық. Тиін келеді. Мен тиінмін, тиінмін, Қысқа жылы киіндім. Қоймам толы жаңғаққа, Іші жылы үйімнің. - Сүп – сүйкімді, кіп – кішкентай әдемі үйде кім тұрады? -Мен тықырлауық тышқанмын. -Мен қорқақ қоянмын, кел бірге тұрайық. Сұлу түлкі келеді. Мен сұлу түлкімін, Жай өтпес бір күнім. -Сүп – сүйкімді, кіп – кішкентай әдемі үйде кім тұрады? -Мен тықырлауық тышқанмын. -Мен қорқақ қоянмын. -Мен үлпілдек тиінмін, кел бірге тұрайық Түлкі үйшікке кіріп өзіне жаңа достар табады. Көкжал қасқыр келеді. Мен көкжал қасқырмын, Ауылды торимын. -Сүп – сүйкімді, кіп – кішкентай әдемі үйде кім тұрады? -Мен тықырлауық тышқанмын. -Мен қорқақ қоянмын. -Мен үлпілдек тиінмін. -Мен сұлу тиінмін. -Мен көкжал қасқырмын, кел бірге тұрайық. Аю денесінің үлкендігіне байланысты үйшіктің есігінен сыймай қояды, үйшіктің терезесінен кіруге тырысады бәрібір де басы кірмей қояды. Үйшіктің шатырына шығып тұруға тырысады. Шатырына шыға бергенде үйшікті құлатып қояды. Қапаланған аю. - Үйшіктеріңді құлатып қойдым кешіріңдер. Достары: -Қапаланба достым бәріміз бірге үй салайық деп жаңа әп – әдемі, жап – жаңа үйшік соғып алыпты . Ендеше балалар ертегі кейіпкерлерін атап кетейікші. Ертегі мазмұнын сұрау, сахналау. «Аяқталмаған сөйлемдер» ойыны. Балалар «Үйшік» ертегісі бойынша берілген сөйлемдерді толықтырып айтады.	Ертегіні тыңдайды. Сөйлемдерді толықтырады.
--------------------------------------	---	---

	Ертеде орманда бір..... Үйшікке бақа Қоян сұрайды: Мен қоянмын. Тышқан, бақа және қоян үйшікте Аю үйшікті Достар , үйшік жасайды.	
		
Рефлексивті түзетушілік	Қорытындылау. Жетістік баспалдағы Стикерлерге Сабақтан кері байланыс жасайды	

№10 Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклокартасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	
Тақырыбы:	Күшік пен мысық
Мақсаты:	Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп айтуға, сөздерді буынға бөлуге үйрету. Дауыс көркемділігін дамыту балаларды үй жануарларын қорғай білуге тәрбиелеу

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Жылулық шеңбер Балаларды жылулық шеңберіне тұрғызып, бір біріне жылы лебіздерін айтқызу	Бір біріне жылы лебіздерін білдіреді
Ұйымдастыру іздестіру	-Қазір күшік пен мысық әңгімесін мәнерлеп оқып беремін. -Қарны ашқан күшік қаңғып жүріп тауда қасқырға кезігеді. -Ей, күшік мен сені жеймін, -дейді қасқыр.	Ертегіні тыңдайды.


	-Қой, жеме мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің –дейді күшік. -Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер,- дейді қасқыр. Екеуі бір топ сиырды көреді. -Күшік, менің көздерім,құлақтарым, аузым, құйрығым қандай?-дейді қасқыр. -Көздерің қып-қызыл, екі құлағың жымыған, ауызың арандай ашылған, құйрығың жас шыбықтай майысып тұр. Қасқыр: -Енді маған қара,-деп бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, күшікті де тойғызады, өзі де тояды. -Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол!-деп кетіп қалады. Іші пысқан күшік мысыққа кездеседі. -Мысық мен сені жеймін,-дейді. -Мені тойдыр күшік. -Жарайды, менімен бірге жүр,-дейді күшік. Екеуі бір топ жылқыны көреді. -Мысық маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай? Көзің бозарып, құлағың сылпиып, құйрығың салпақтап тұр. Күшік: -Қара маған не қыларымды?-деп жылқыға жабыса кетеді. Жылқы маңдайынан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі. Сонда мысық: -Әй, мақтаншақ, әліңе қара, сен қасқыр бола алмайсың,-дейді. Ертегі мазмұнын сұрау. -Балалар сендерге ертегі ұнады ма? -Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші? -Күшік келе жатып неге жолығады? -Қасқыр не дейді? -Күшік не дейді?	Сұрақтарға жауап береді.
--	--	---------------------------------

	-Екеуі келе жатып нелерді көреді? -қасқыр не жейді? -Тойған қасқыр күшікке не дейді? -Іші пысқан күшік неге жолығады? -Мысыққа не дейді? -Мысық не дейді? -Күшік жолда нелерді көреді? -Жылқыға күшіктің шамасы келе ме? -Міне, балалар, «әлің білмеген әлек» деген осыдан қалған екен. -Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық. (Атрибуттарын кигізу) Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып олардың жүрісін сал» Ойын шарты: ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады.	
Рефлексивті түзетушілік	«Кубизм» әдісі бойынша қорытындылау. Алты қырындағы түстер не суреттер бойынша сұрақтар қойып бекіту. Балаларды мақтау	Балардың жауаптары 

№11 Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклокартасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	
Тақырыбы:	Қара батыр
Мақсаты:	Халық ауыз әдебиетімен таныстыру және оның идеясын ашу

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Ойын: «Табиғат мейірімді» Шарты: Тәрбиеші сөйлемді бастайды, балалар жалғастырады. -Кел балалар, оқылық, Оқығанды , Ықыласпен	Балалар ойынға қатысып тәрбиеші сөзін жалғастырады
Ұйымдастыру іздестіру	Қара батыр ертегісін гипер сілтеме арқылы көрсету: https://youtu.be/3De82hDuKvY	Ертегіні көреді.



Жел көбік ойыны,

Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.
 Көпіре гөр көбік-шар,
 Көпіре гөр кеңіп шар.
 Осы күйі қал тұрып,
 Кете көрме жарылып.
 Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: «Жел көбік жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен.
 «Тарс етті», - дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.

Ханталапай ойыны арқылы бүгінгі ертегі жайлы бір-біріне сұрақ қояды.

Ойын ойнайды.

Рефлексивті түзетушілік

-Балалар бүгін біз не өттік?
 «Күн мен бұлт» әдісі арқылы қорытындылау



-кім түсіне алмады?



-не ұнады?



-кім бәрін түсінді?

Балаларды мақтау.

Абай атаның «Күз» өлеңі

Балалар өздерін бағалайды

№12 Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклокартасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	
Тақырыбы:	«Мұрагер» ертегісі
Мақсаты:	Баланың қабылдауы мен ойлау аралығын зерттей отырып, ой қорыту, оқушының ой-өрісі мен дүниетанымын кеңейту. Оқушылардың ойлау әрекеттерін дамыта отырып, ой-пікірлерін толық жеткізе білуге дағдыландыру.

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар шеңберге тұрып, төмендегі өлең жолдарын бірге қосылып айтады <i>Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз. Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз.</i>	Балалар бірге қосылып айтады
Ұйымдастыру іздестіру	Педагог: Балалар, мұқият тыңдаңдар, ертегі тыңдап болған соң, рөлдік ойын ойнаймыз. Бір шалдың төрт ұлы болыпты. Бір күні шал ұлдарын жинап алып: - Мен қартайдым. Біреуіңнің үй иесі болатын уақыттарың жетті. Кімнің ақылы байлығына сай болса, сол мұрагерім болады. Әр қайсың маған байлықтарың мен ақылдылықтарыңды көрсетулерің керек,— дейді. Үлкен ұлы асыл тас салған жүзігінің көзін көрсетіп: - Міне, менің байлығым. Ал кім бай болса, сол ақылды,— дейді. Екінші ұлы асыл киімдерін киіп, әдеміленіп келеді де: - Мені осы түрімде көргендер ақылым мен байлығымның алдында бас иеді,— дейді. Үшінші ұлы күміспен және алтынмен апталған белдігін буынады да: - Мұндай белдікті ешкім, ешқашан буынып көрген емес,— дейді.	Ертегіні көріп, естейді

	Әкесі үлкен балаларына қарап, басын шайқайды да, ең кіші ұлына бұрылып: - Сен неге үндемейсің? Сен қандай байлығыңмен мақтанасың?— дейді. Сонда кенжесі: - Менде асыл тасты жүзік те, сәнді киім де, алтын-күміспен апталған белдік те жоқ. Тек жұмысқа жарамды екі қолым бар, қайрат-жігерге толы жүрегім бар,— дейді. Шалға кенже баласының тапқыр да ойлы сөзі ұнайды. - Жұмыс істей білген адам жұтамайды, -деп, өзінің кенже ұлын үй шаруасын басқаруға мұрагерлікке атайды. Үлкен балаларына інісінің айтқанынан шықпай, талабын орындауды өсиет етеді. Рөлдік ойын. Педагог рөлдерді бөліп беріп, ертегі желісі бойынша айтатын сөздерін түсіндіреді. Рөлді ссомдайтын балалар ертегі кейіпкерлерінің сөзін, өз сөздерімен айтады. Балалар, сендерге достарыңның қойылымы ұнады ма? Ұнаса, қол шапалақтаймыз!!! Тақпақты айтады. Тіл жүйрігін шешен дейміз. Мал жүйріктерін ата. Жылқы жүйрігі – тұлпар. Түйе жүйрігі – желмая.	
Рефлексивті түзетушілік	Қорытындылау. Жетістік баспалдағы Стикерлерге Сабақтан кері байланыс жасайды	

№13 Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклокартасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	
Тақырыбы:	Арыстан мен тышқан

Мақсаты:	Балаларға ертегіні оқып таныстыру, ертегі мазмұнын түсініп, өз ойларын жеткізе білуге қамқор болуға, арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың бір-біріне шыншылдыққа тәрбиелеу.
-----------------	---

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері: Амандасу үлкенге Тәрбиенің басы ғой, Кел, балалар ендеше Сәлем дейік үлкенге. Сәлеметсіздерме!	Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы тілектер айтады.
Ұйымдастыру іздестіру	Дидактикалық ойын: «Ненің даусы?» Мақсаты: Балалар әр түрлі аңдардың дауыстарын тыңдап, қандай жануар екенін табады. Жұмбақ шешу. Айбарлы түсі бар, Қанжардай сұсы бар. Күжірейген жалды Білсең айт бұл аңды? Тәрбиеші ертегіні оқып береді: Арыстан мен тышқан Ерте, ерте, ертеде, орман патшасы арыстан тоғайдың қалың беделінде ұйықтап жатады. Бір тышқан ойнақтап, үстінен жорғалап жүргенін сезіпті. Арыстан ұйқысынан ызаланып оянып, тышқанды ұстап алып, өлтірмекші болғанда тышқан жалбарынып: -Тақсыр, мені өлтірмеңізші,бір жолға кешіре көріңіз. Бір күні менде бір кәдеңізге жарармын-депті. Арыстан оның сөзіне күліп, - Сен кішкентай бір тышқансың, менің қандай қызметіме жарамақсың-деп жаны ашып, тышқанды қоя беріпті. Тышқан байғұс қуанып, «арыстан досым»-деп жүгіріп ойнап кете барыпты.	Ойын ойнайды және жануарлар дауысын табады. Жұмбақты шешеді Ертегіні тыңдайды.

	Күндердің күнінде арыстан жортып, ойнап жүріп, аңшылардың құрған тұзағына түсіп қалыпты. - Тақсыр, мені өлтірмеңізші, бір жолға кешіре көріңіз. Бір күні мен де бір қызметіңізге жарармын, - депті. Арыстан оның сөзіне күліп: - Сен өзін кішкентай бір тышқансың, менің қандай қызметіме жарамақсың,- деп жаны ашып, тышқанды қоя беріпті. Тышқан байғұс қуанып, «арыстан досым», - деп, жүгіріп ойнап кете беріпті. Күндердің күнінде арыстан жортып ойнап жүріп, аңшылардың құрған тұзағына түсіп қалыпты. Шарқ ұрып, тыпырлап, ақырып-бақырып жатса да тұзақтан құтыла алмапты. Сол жерден өтіп бара жатқан тышқан арыстанның бұл халін көріп, қасына келіп қарап тұрса, сонда арыстан тышқанға қарап: - Лажың бар ма бұған қылар? – депті. Тышқан дереу тістерімен тұзақтың жіптерін кеміріп қиып кеп жіберіп, арыстанды тұзақтан құтқарыпты. Тышқан арыстанға: - Мені кішкентайсың,- деп мән бермеуші едің. - Міне, сені бір ажалдан алып қалдым, - депті. Осылайша арыстан жасалған жақсылықтың қайтарымы болатынын жақсы түсініпті.	
Рефлексивті түзетушілік	«Тез жауап бер» ойыны арқылы қорытындылау; Балаларды «Басбармақ» әдісі арқылы өздерін бағалатқызу;	Сұрақтарға жауап береді



	 -бәрін түсіндім;  -түсініп келемін,біраз түсіндім;  -түсінбедім; Балаларды мақтау.	Балалар өздерін бағалайды
--	---	---------------------------

№14 Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклокартасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	
Тақырыбы:	Керқұла атты Кендебай
Мақсаты:	Баланы еңбекқорлықпен төзімділікке үйрету.

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбер Тәрбиеші:кәне,балалар ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімізді бастамас бұрын бір-бірімізге жақсы тілектер арнайық <i>Сәлеметсің бе,Томирис,сен сүйкімдісің.</i> <i>-Сәлеметсің бе,Асанәлі,сен қайырымдысың.</i> <i>-Сәлеметсің бе,Айсана,сен ақылдысын.</i> <i>-Сәлеметсің бе,Қайрат,сен мейірімдісің т.с.с</i> жалғасып топ балалары бір-біріне жақсы жылы сөздер,тілектер арнайды.	Балалар шаттық шеңберде тұрып,бір-біріне жылы сөдер арнайды
Ұйымдастыру іздестіру	Тәрбиеші гиперсілтеме арқылы ертегіні көрсетіп, тыңдатады: https://youtu.be/GmSZrJOzv3U  Қоңырау қайдан естіледі? ойыны Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші әйел бөлменің басқа бір шетіне	Балалар ертегіні көреді.

тығылып тұрады да қоңырау соғады.
Тәрбиеші **балаларға**: «Тыңдаңдар, қоңырау қайдан соғылып тұр, қоңырауды табыңдар», - дейді. Балалар қоңырауды тапқан кезде, тәрбиеші оларды мақтайды, одан кейін балаларға тағы да қабырғаға беттерін беріп тұруды ұсынады. Күтуші әйел басқа жерге тығылады да қайтадан қоңырау соғады.



Суретті боя.



**Рефлексивті
түзетушілік**

«Ыстық доп» арқылы қорытындылау
Смайликтер арқылы балаларға өздерін бағалату:



-мен бірін түсіндім;



-мен түсінбедім;


Балалар өздерін
бағалайды

	Балаларды мадақтау.	
--	---------------------	--

№15 Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклокартасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	
Тақырыбы:	Жолбарыс пен тышқан
Мақсаты:	Ертегінің идеялық мазмұнын ашу арқылы атқа айту, есте сақтау әдіс – тәсілдерін үйрету. оқушының ойлау қабілеттерін дамыт у, сөйлеу тілдерін байыту.

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық алаңы -Балалар көңіл-күйлеріңіз қалай? Тамаша! -Сабаққа дайындықтарыңыз қалай? -Керемет! -Ендеше сабағымызды бастайық! -Бастайық!	Балалар қосылып айтады
Ұйымдастыру іздестіру	Топтарға бөлу. (4 топ) Кір жаятын жіпте аңдардың суреттері ілінеді, таңдап алған аңдар арқылы топқа бөлінеді I топ: түлкі II топ: жолбарыс III топ: қасқыр IV топ: қоян Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады. Әр түрлі ертегілердің суреттерін көрсету және бір атауын сұрау. Тақырыпқа байланысты аңдар туралы жұмбақтар жасыру ЖҰМБАҚТАР ШЕШУ (әр топқа бірнеше жұмбақтар беріледі) 1.Сайқымазақ қулығы бар, Барған жерде ұрлығы бар. (Түлкі) 2.Бір аң бар қайраты көп, болған күшті Басынан өткізеді әрбір істі. (Арыстан) 3.Кілемнің түрлеріндей жүндері бар, Айбаты жан шыдамас үндері бар. (Жолбарыс) 4. Қорыққанда жел аяқ,	Топқа бөлінеді


	Отырғанда томардай-ақ (Қоян) Олай болса бүгінгі сабақтың тақырыбы: Көңіл сұрауды білемін Жолбарыс пен түлкі ертегісімен танысамыз және балалар ертегіні естіп және әр топтан бір оқушы екінші топқа барып түсіндіреді, екінші топ мұқият тыңдайды Суретті боя. 	Суретті бояйды
Рефлексивті түзетушілік	«Ыстық доп» арқылы қорытындылау Смайликтер арқылы балаларға өздерін бағалату:  -мен бірін түсіндім;  -мен түсінбедім; Балаларды мадақтау.	Балалар өздерін бағалайды

№16 Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклокартасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	
Тақырыбы:	Еңбек етсең ерінбей...
Мақсаты:	Балаларды еңбекқорлықпен ізденіске баулу

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері Күнделікті шаттық шеңберімізге тұрып, бір-бірімізге игілікті сөздер айтайық	Балалар бірге қосылып

	Армысың, әлем! Армысың, жарық күн! Армысың, абзал адам! Армысың, менің досым.	айтады
Ұйымдастыру іздестіру	Тәрбиеші ертегіні оқып береді: Баяғыда бір жалғыз бала орманда өз күнін көріпті. Ол күн сайын жұмыс жасайтын болыпты. Ол бір күні көп ойланып: «Мүмкін маған үйлену керек шығар. Жасымда таяп қалыпты. Әкем мен анамды бір қуанту керек қой не дегенмен. Мен қаладағы ата-анам хат жіберіп көрейін» дейді бала. Оның ата-анасы мен ағасы оны орманға тастап кеткен екен. Себебі, ол еріншек бала болған соң. «Бұл бала қатты еріншек болып кетті. Бұл баланы орманға апарып тастайық. Мүмкін еңбекшіл болар. Жыртқыш аңы жоқ орманға жіберіңдер» - депті ата-анасы осыдан 5 жыл бұрын. Оның отбасы өте бай болыпты. Барлық қыз тек осы балаға күн сайын бәліш, бауырсақ, сыйлық әкелсе де көңіл аудармапты. Бір күні орманға бір айдай сұлу ханшайым келеді. Ол далада еңбек етіп жатқан бір жас жігітті көреді де: - Ей, жас жігіт. Бұл орманда не істеп жүрсіз? – дейді ханшайым қыз. Сонда бала: - Бұл жаққа мені ата-анам мен ағам әкеп тастады. - Не үшін? - дегенде бала қатты ұялып, жағдайын айта алмайды. - Ммм, жай - депті бала. Сол кезде бала қызға қатты ғашық болады. - Менің үйіме жүр. Мен сені тамақтандырайын. Қарның ашып қалған шығар. - Жоқ. Сен менің үйіме жүр. Бірақ немен барамыз? - Менде сиқырлы таяқ бар. Кәне таяғым, бізді мына жас жігіттің үйіне апар – дейді қыз. Көзді ашып жұмғанша қыз бен жігіт танысып үлгереді. Бала қызды ата-анасымен таныстырып, дүркіретіп той жасайды. Осылайша екеуі бақытты өмір кешіпті Аяқталмаған мақал – мәтелдер Отансыз адам, ормансыз.....(бұлбұл)	Жаттығуларды жасайды Мақал мәтелді жалғастырады.

	Ата – ағаш, бала -..... (жапырақ) Туған жердей жер болмас. Туған елдей..... (ел болмас) «Хан талапай ойыны» Жіліктен шыққан сүйек, Ойнаймыз біз шертіп. Бәрімізге таңсық Аты оның – асық. (Асықтар шашылып нөмірлер бойынша сұраққа жауап беріледі) 1 - сұрақ. Қазір жылдың қай мезгілі? Қазір қыс мезгілі 2 - сұрақ. Балабақшада кімдер бар? Балабақшада балалар бар 3 - сұрақ. Бүгін аптаның қай күні? Бүгін сәрсенбі 4 - сұрақ. Біздің Отанымыз қандай? Біздің Отанымыз - Қазақстан.	Сұрақтарға жауап береді.
Рефлексивті түзетушілік	Рефлексия: «Бағдаршам» әдісі бойынша балаларға өздерін бағалату Балаларды мадақтау	Балалар өздерін бағалайды 

№17 Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклокартасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	
Тақырыбы:	Ақыл, ғылым, бақыт
Мақсаты:	Балалардың білім мен ақылға деген қызығушылығын ояту

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбер Көтеріліп шаңырақ,уықтары шаншылар, (қолдарын көтеру) Кергелер керіліп,(қолдарын екі жаққа созып) Өрімдей боп өрілер (бір-бірін құшақтайды) Бәріміз жүрсек айналып,киіз үй боп көрінер (шеңбер болып жүреді).	Балалар өлең сөздеріне қимыл-қозғалыс жасайды

Ұйымдастыру іздігі	Тәрбиеші ертегіні оқып береді: Ақыл, Ғылым, Бақыт – үшеуі бір-бірінен артықшылығын салыстырып таласып сарапқа түсіпті. Сарапшылар оларға былай депті: Бірінші, Бақытқа: сен, тұрақсыз, опасызсың, орныңды таңдамай қонасың, қонғаныңды ісінтесің, тасытасың, ақырында бір күні лақтырып тастап кетесің. Ақылмен тізе қос, сонда көп жасайсың, – депті. Екінші, Ғылымға: дүниеде сенен күшті нәрсе жоқ, қара тасты қайнатасың, дүние жүзін жайнатасың, сақауды сайратасың, жоқты бар етіп, бардан жоқ жасайсың, бар ғаламды өзіңе бағындырғың келеді, бағынбағанды демде әлек қыласың. Түзеу де, бұзу да сенен шығады. Ақылмен бірік, сонда абыроймен ұзақ жасайсың, – депті. Үшінші, Ақылға: дүниеде адамзатқа сенен артық дос жоқ, бірақ Ашу үстіңе кіріп келгенде, орныңды беріп шығасың да кетесің. Ашу бүлдіріп-бүлдіріп кеткен соң, кіресің де ашудың бүлдіргенін ондайсың. Әуелден орныңнан тұрмай отырсаң, Ашу сенің үстіңе кірмеген болар еді. — Барындар, Ақыл, сен адам бол, Ғылым, сен ат бол, Бақыт, сен қамшы бол. Үшеуің біріксең ешбір мұң-мұқтаждарың болмайды, – депті. «Ой шақыру» әдісі Байлық дегеніміз не? Денсаулық дегеніміз не? «Денсаулық – зор байлық» дегенді қалай түсінесің? Ақылды болу үшін не істеу керек?	Ойын ойнайды.
Рефлексивті түзетушілік	«Ашық микрофон» әдісі арқылы қорытындылау	Жауаптары тыңдалады

№18 Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклокартасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	
Тақырыбы:	Бір үзім нан
Мақсаты:	

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері Жайқалып жапырақ Құлпырып қызғалдақ Тұратын көз тартып, Жаз келді күншуақ.	Балалар бірге қайталайды
Ұйымдастыру іздестіру	Балалар, бүгін керемет ертегі тыңдайық: https://yandex.kz/video/preview/8900395291241261415 Педагог видео қосады.  Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: - Балалар, ертегіне қандай оқиға баяндалады? - Байдың үйі қандай болыпты? - Кедейдің үйі қандай болған? - Бір жылы көктемде не болады? Рөлдік ойын. Бай мен кедей рөлін бөліп береді. Педагог сөзі: Баяғы бір заманда бай мен кедей көрші өмір сүріпті. Олардың араздығы сондай, бірін-бірі көргісі келмейді екен. Байдың үйі кең, әдемі болыпты. Іші толған – алтын мен күміс. Ал кедейдің үйі ағаштан жасалған, төбесін бұтамен жапқан қора екен. Алтын мен күміс түгілі, нанын әзер тауып жепті. Егін егіп, оны суарып, күтіп, орып, өз күнін өзі көріпті. Педагог сөзі: Бір жылы көктемде алапат, су тасқыны болады. Бай алтынын көтеріп ағаштың басына шығып кетеді. Ал кедей болса, бір көмеш нанын қойнына салып, ол да ағаштың басына көтеріледі. Су тасқыны он	Ертегі видеосын көреді. Сұрақтарға жауап береді: -Бай мен кедей - кең, әдемі, алтын-күміске толы - ағаштал жасалған, қора - су тасқыны. БАЙ: – Әй, кедей, сен мына бір кесек алтынды ал да, маған бір үзім нан бер. КЕДЕЙ: Жоқ, алтының өзіңе, нан бере алмаймын, – деп жауап береді кедей. БАЙ: Алтынымның жартысын берейін, – дейді ол бұл жолы.

	бес күнге созылады. Бір күні қарны ашқан бай кедейге: Педагог сөзі: Ақыры, аштан өліп бара жатқан соң шыдамай, бай бір үзім нанға барлық алтынын айырбастайтынын айтады. Кедей бәрібір көнбейді. Бойынан күші кеткен бай басы айналып, суға құлап кетеді. Ал келесі күні су тоқтап, кедей ағаштың басынан түседі. Халықтың: «Алтын, күміс – тас екен, арпа, бидай – ас екен» дейтіні осыған орай айтылған екен. - Балалар, алтын- күміс деген не?  Мына фотода не көрдіңдер? -Дұрыс, әшекей бұйымдар, бағалы тастардан жасалған әшекейлер. - Ал, арпа-бидай деген не? Суретте көргендеріңдей, дәнді -дақыл.  Бидайдан қандай тағам жасайды? - Дұрыс, нан. - Нан туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер? - «Ас атасы- нан», өте жақсы.	Кедей: Жок, бере алмаймын, – деп бұл жолы да кедей келіспейді.
Рефлексивті түзетушілік	«Кубизм» әдісі.Алты қырындағы қалаталары-на салынған суреттер арқылы сұрақтарды қоя отырып,алған білімдерін қорытындылау Балаларды мақтау.	Балалар толық жауаптарын береді

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1.Қыдырова.Э.С,Медалиева.С.Л.Әдістемелік нұсқаулар.Шымкен:Шикула және К,2012ж-114 б
- 2.Қанапиянов.Б,Хабдина.Б.Абай. Алматы:Жібек жолы,2019ж- 487 б
- 3.Сейсенбаев.Р. Хикмет кітабі.Алматы:Дәуір,2011ж-558 б
- 4.Ахметов.З,Қирабаев.С,Қасқабасов.С.Абай.Астана:Фолиант,2011ж-400 б
- 5.Құл-Мұхаммед.Р.А.Сен де бір кірпіш дүниеге.Алматы:Атамұра,2014ж-288 б.

Авторлар туралы мәлімет:



Жангазинова Анар Турсыновна, Алматы облысы,
Қонаев қаласы «Ақдидар»
бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі.

Гайруллаева Азиза Мирзакаримқызы,
Алматы облысы, Қонаев қаласы
«Ақдидар» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі.

